

**Әскери міндеттілер мен азаматтарды әскери қызметке шақыру кезінде оларды медициналық куәландыру үшін қалалық тұрақты медициналық комиссия құру туралы**

*Күшін жойған*

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 2/287 қаулысы.  
Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 13 маусымда N 533 тіркелді.  
Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 7 наурыздағы N 1/200 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2002 жылдың 29 қаңтарындағы "Қарулы күштерді реформалау мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының заң шығарушы бірқатар актілеріне қосымшалар мен өзгерістер енгізу туралы" N 287-II Заңын іс жүзіне асыру мақсатында және Қазақстан Республикасының 1993 жылдың 19 қаңтарындағы "Жалпы әскери міндет пен әскери қызмет туралы" N 1897-II Заңына сәйкес, Алматы қаласының Әкімшілігі, **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласының Әскери комиссары (Б.А. Мұхаметжановқа) мен Алматы қаласы Денсаулық сақтау департаментінің бастығы (В.Н. Девяткоға) әскер қатарына шақырылушы азаматтар мен әскери міндеттілерді медициналық куәландыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін қалалық тұрақты жұмыс істеуші комиссия құрылсын.

2. Тұрақты жұмыс істеуші қалалық шақыру комиссиясының Ережесі бекітілсін (сосын Ереже мәтіні бойынша), N 1 қосымша.

3. Тұрақты жұмыс істеуші қалалық шақыру комиссиясының штаттық кестесі бекітілсін (N 2 қосымша).

4. Алматы қаласы Денсаулық сақтау департаментінің бастығы (В.Н. Девяткоға) :

1) Ережеге сәйкес әскер қатарына шақырылушы азаматтар мен әскери міндеттілерді медициналық куәландыру бойынша тұрақты жұмыс істеуші комиссия жұмысы ұйымдастырылсын;

2) қалалық медициналық комиссия жұмысына қатысушы дәрігерлер Алматы қаласының әскери комиссары келісімі бойынша тұрақты жұмыс істеуші комиссия құрамына енгізілсін;

3) қалалық тұрақты медициналық комиссия медициналық шаруашылық құрал жабдықтарымен және дәрі дәрмек, бұйымдармен қамтамасыз етілсін (N 3

қ о с ы м ш а ) ;

4) медициналық куәландыру Алматы қаласы, Сейфулин көшесі N 183 "б" үйіндегі жинастыру пункті базасында жүргізілсін.

5. Алматы қаласының әскери комиссары (Б.А. Мұхаметжановқа):

\* қалалық тұрақты медициналық комиссияның төрағасы болып, әскери комиссариаттың медициналық қызмет дәрігері офицер тағайындалсын; қалалық жинастыру пунктінің ғимаратында қалалық тұрақты медициналық комиссия жұмысы мен дәрігер мамандарды орналастыру үшін қызметтік үй жайы дайындалсын.

6. Алматы қаласы Әкімшілігінің 2003 жылдың 24 ақпанындағы "Әскери міндеттілер мен азаматтарды әскери қызметке шақыру кезінде оларды медициналық куәландыру үшін қалалық тұрақты медициналық комиссия құру туралы" N 1/109 қаулысының күші жойылды деп саналсын.

7. Осы қаулының орындалуын қадағалау Алматы қаласы Әкімінің орынбасары А. Мурзинге жүктелсін.

А л м а т ы                      қ а л а с ы н ы ң

*Әкімі*

*Әкімшілік хатшысы*

Алматы	қаласы	Әкімшілігінің		
2003 ж.	"12"	мамырдағы		
"Әскери	міндеттілер	мен	азаматтарды	әскери
қызметке	шақыру	кезінде	оларды	медициналық
куәландыру	үшін	қалалық	тұрақты	медициналық
комиссия	құру	туралы"	N 2/287	қаулысына
N 1 қосымша				

## **Қалалық тұрақты жұмыс істеуші медициналық**

### **шақыру комиссиясының**

#### **ЕРЕЖЕСІ 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Қалалық тұрақты жұмыс істеуші медициналық шақыру комиссиясы Қазақстан Республикасының 2002 жылдың 29 қаңтарындағы "Әскери қызмет пен жалпы әскери міндет туралы" Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" N 287-ІІ Заңының 35 бабының 1 тармағы негізінде құрылады, оның мақсаты:

жастарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қызмет етуге, ішкі істер Министрлігінің ішкі әскерлер қызметіне, төтенше жағдай Агентствосының бөлімшелеріне, ұлттық қауіпсіздік Комитетінің шекаралық қызметіне шақырылулары кезіндегі дайындық пен оқу орындарына кандидаттарды таңдауда медициналық куәландыру.

2003-2005 жылдары Алматы қаласының әскер қатарына шақырылуға шейінгі жастарын, жасөспірімдер мен мектеп жасындағы балаларды еңбекке жарамды ету мен сауықтыру бағдарламасын жүзеге асыру.

2. Қалалық медициналық тұрақты жұмыс істеуші медициналық комиссия өз жұмысын ұйымдастыруда Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігі мен Қазақстан республикасының қорғаныс Министрлігінің, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Бас штабы бастығының бұйрықтары мен директиваларын басшылыққа алады.

## **2. Қалалық тұрақты жұмыс істеуші медициналық шақыру комиссиясының міндеттері**

1. Қалалық тұрақты жұмыс істеуші медициналық шақыру комиссиясының негізгі міндеттері болып саналады:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына жедел әскери қызметке шақырылушылар мен әскери оқу орындарына кандидат азаматтардың медициналық куәландыруын жүргізу;

2) әскери міндетті тұлғалар мен келісім шартпен қызметтегі тұлғаларды медициналық куәландыру;

3) аудандық шақыру комиссиясымен бейбіт уақытта әскери қызметке жарамайтын, әскери уақытта саптық қызметке жарамды деп танылғандар мен әскери есептен шығарылу себепті жарамсыз деп танылған және денсаулық жағдайы бойынша мерзімі ұзартылған әскер қатарына шақырылушылардың медициналық бақылауын жүргізу;

4) әскер қатарына шақырылуға шейінгі жастардың емдеу сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруда аудандық әскери комитеттің медициналық комиссиясына көмек көрсету. Олардың шақырылуы мен тіркеп жазылуы кезіндегі медициналық куәландыруды жүргізу;

5) Алматы қаласының емдеу профилактикалық мекемелерінің базасында әскер қатарына шақырылушылар мен әскер қатарына шақырылуға шейінгілердің емі мен медициналық тексерілулерін ұйымдастыру;

6) Жас солдаттардың денсаулық жағдайына байланысты әскерден қайтарылу жағдайын тексеру, қайтарылу себепін талдау мен оларды жою бойынша шараларды анықтау;

7) мүдделі ведомстволармен біріге отырып, әскер қатарына шақырылушылардың денсаулығын қорғау, олардың демалысы мен еңбек жағдайларын жақсарту бойынша ұсыныстар жасау.

### **3. Қалалық тұрақты жұмыс істеуші медициналық шақыру комиссиясының ұйымдастырушылық құрылымы**

1. Қалалық тұрақты жұмыс істеуші медициналық шақыру комиссиясының құрамына енгізіледі:

1) Қазақстан Республикасының қорғаныс Министрлігінің 1995 жылдың 28 наурызындағы N 61 бұйрығына сәйкес, дәрігер мамандар: хирург, терапевт, невропатолог, психиатр, окулист, стоматолог, фтизиатр, отоларинголог, дерматовенеролог және хатшы (орта медициналық қызметкер);

2) шақыру кезінде дәрігер мамандар мен орта медициналық қызметкерлердің жұмысына медициналық комиссияның төрағасы басшылық жасайды;

3) қалалық тұрақты жұмыс істеуші медициналық шақыру комиссиясының дербес құрамын Алматы қаласының денсаулық сақтау департаментінің бастығы Алматы қаласы мен Алматы облысының әскери комиссарының келісімі бойынша бұйрықпен бекітеді.

2. Қалалық тұрақты жұмыс істеуші медициналық комиссия Алматы қаласының денсаулық сақтау департаменті жанынан құрылады және үнемі Алматы қаласы мен Алматы облысының әскери комиссариаты мен Алматы қаласы Денсаулық сақтау департаментінің келісе отырып бекіткен жоспарға сәйкес жұмыс істейді. Қосымша құрылым ретінде тұрақты түрде жиналу пунктінде орналасады.

Алматы қаласы мен Алматы облысының қалалық жинақтау пунктінде комиссия толық құрамымен медициналық куәландыруды жүргізеді.

Әскер қатарына шақырылу кезеңдері арасында:

1) аудандық әскери комитеттерге барған кезде дәрігер мамандарға емдеу-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруда көмек көрсетеді;

2) аудандық, қалалық әскери комитеттердің жолдамалары бойынша Алматы қаласының емдеу профилактикалық мекемелерінің базасында әскер қатарына шақырылушылардың консультативтік қабылдауын жүргізеді және олардың тексерушілері мен емделуін ұйымдастырады.

3) әрбір кезең бойы ұсыныстармен, тұжырымдармен шақыру комиссиясы жұмысының талдауын жүргізеді.

3. Мамандар мен орта медициналық қызметкерлер Алматы қаласының денсаулық сақтау департаментінің бастығы мен Алматы қаласы мен Алматы облысының әскери комиссариатының медициналық комиссиясының төрағасына бағынады.

4. Үнемі жұмыс істеуші қалалық шақыру медициналық комиссиясының

құрамындағы орта медициналық қызметкерлер мен маман дәрігерлер үшін комиссия негізгі жұмыс орыны болып саналады және кәсіби стажы мен жалпы жұмыс стажына енгізіледі. Комиссия мүшелеріне Қазақстан Республикасы заңдарымен анықталған әлеуметтік кепілдемелік пен құқық таралады.

#### **4. Қалалық тұрақты жұмыс істеуші медициналық шақыру комиссиясының құқығы**

1) Әскер қатарына шақырылушыларды медициналық куәландыру мәселесін жетілдіру бойынша денсаулық сақтау ұйымдарының өкімдері мен бұйрықтарының жобасына ұсыныстар дайындайды.

2) Қаланың емдеу-профилактикалық мекемелерінде әскер қатарына шақырылушы тұлғаларға көрсетілетін медициналық көмек жағдайын талдау, з е р т е у .

3) Алматы қаласы Денсаулық сақтау департаменті жанындағы қалалық тұрақты жұмыс істеуші медициналық шақыру комиссиясының аудандық әскер комитеттердегі дәрігерлік комиссия шешімін қайта қарауға құқығы бар. Алматы қаласының әскери комитеті жанындағы қалалық тұрақты жұмыс істеуші медициналық шақыру комиссиясының әскер қатарына шақырылушыны медициналық куәландыру мәселесі бойынша шешімі түпкілікті боп саналады және тек Қазақстан Республикасы заңдарының бекітілген тәртібінде ғана қайта қ а р а л а д ы .

4) Еңбек тәртібін бұзғаны үшін тәртіпке шақырылу жауапшылығы бойынша ұсыныстар енгізеді. Әскер қатарына шақырылушыларды медициналық куәландыру бойынша үлгілі жұмысы үшін аудандық әскери комитеттердің қалалық медициналық шақыру комиссиясының қызметкерлерін көтермелеу туралы Алматы облысы мен Алматы қаласының әскери комитеті мен денсаулық сақтау ұйымдарына ұсыныстар жасауға.

5) Әскер қатарына шақырылу жасындағы тұлғаны тексеру мен емделуге берілген жолдама бойынша қаланың емдеу профилактикалық мекемелері меншіктік түріне қарамастан орындауға тиісті.

#### **5. Қалалық тұрақты жұмыс істеуші медициналық шақыру комиссиясын қаржыландыру**

Қалалық тұрақты жұмыс істеуші медициналық шақыру комиссиясының дәрігер мамандары мен орта медициналық қызметкерлерінің еңбек ақысын төлеу бойынша қаржыландыру Қазақстан Республикасының "Әскери қызмет және жалпы әскери міндет туралы" Заңының 35 бабының 1 пунктiне сәйкес жүргізіледі.

*Әкімшілік хатшысы*

Алматы қаласы Әкімшілігінің  
2003 ж. "12" мамырдағы  
"Әскери міндеттілер мен азаматтарды әскери  
қызметке шақыру кезінде оларды медициналық  
куәландыру үшін қалалық тұрақты медициналық  
комиссия құру туралы" N 2/287 қаулысына  
N 2 қосымша

**Қалалық тұрақты жұмыс істеуші медициналық  
комиссияның штаттық кестесі**

1. Комиссия төрағасы - әскери комиссариаттың медициналық қызметінің  
о ф и ц е р і
2. Дәрігер - хирург 1 ставка
3. Дәрігер - терапевт 1 ставка
4. Дәрігер - невропатолог 1 ставка
5. Дәрігер - психиатр 1 ставка
6. Дәрігер - окулист 1 ставка
7. Дәрігер - стоматолог 1 ставка
8. Дәрігер - фтизиатр 1 ставка
9. Дәрігер - отоларинголог 1 ставка
10. Дәрігер - дерматовенеролог 1 ставка
11. Комиссия - хатшысы  
(орта медициналық қызметкер) 1 ставка

Тұрақты жұмыс істеуші медициналық комиссияның 10 маманына аударылатын еңбек ақы қоры 149, 1 мың теңге құрады.

Жылдық еңбек ақы қоры 1789 мың теңге құрады.

*Әкімшілік хатшысы*

Алматы қаласы Әкімшілігінің  
2003 ж. "12" мамырдағы  
"Әскери міндеттілер мен азаматтарды әскери  
қызметке шақыру кезінде оларды медициналық  
куәландыру үшін қалалық тұрақты медициналық  
комиссия құру туралы" N 2/287 қаулысына  
N 2 қосымша

**Қалалық тұрақты жұмыс істеуші медициналық комиссиясын дәрі дәрмекпен, медициналық құрал сайманмен және шаруашылық шаруашылық мүліктерімен жабдықтау:**

---

<u>Адам денесін өлшеу кабинеті:</u>	
1) медициналық өлшеуіш	- 1;
2) қол динометрі	- 1;
3) тартылыс күшін өлшеу үшін динометр	- 1;
4) бой өлшегіш	- 1;
5) құрғақ кептіргіш шкаф (стерилизатор)	- 1;
6) спирометр	- 1;

---

<u>Терапевт кабинеті:</u>	
1) стетофонендоскоп	- 1;
2) сфигмомонометр	- 1;
3) тіл үшін екі жақты тік қалақша (шпатель)	- 15;
4) бүйрекке ұқсайтын кіреукеленген леген (тазик)-2;	

---

<u>Хирург кабинеті:</u>	
1) стетофонендоскоп	- 1;
2) угломер	- 1;
3) сантиметрге бөлінген өлшем лентасы	- 1;

---

<u>Психиатр мен невропатолог кабинеті:</u>	
1) неврологиялық балға	- 2;
2) екі жақты тік тіл үшін қалақша (шпатель)	- 15;
3) сантиметрге бөлінген өлшем лентасы	- 1;
4) бүйрекке ұқсайтын кіреукеленген леген (тазик)-1;	

---

<u>Отоларинголог кабинеті:</u>	
1) 180 мл құлақты үрлеу үшін ұшы бар баллон	- 1;
2) құлақ ұрасы (воронка) - N 1, 2, 3, 4- 3 жиынтық;	
3) пневматикалық құлақ ұрасы (воронка)	- 1;
4) бір жақты саңыраулықта естуді тексеруді анықтау үшін құлақты жабқыш	- 1;
5) диаметрі 21 мм көмекей айнасы	- 1;
диаметрі 25 мм көмекей айнасы	- 1;
6) диаметрі 8 мм жұтқыншақтық айна	- 1;
7) губок ұзындығы 40 мм жұтқыншақтық айна	- 10;
8) губок ұзындығы 60 мм жұтқыншақтық айна	- 5;
9) түйме тәріздес сүңгі	- 1;
10) түйме тәріздес Воячека мұрындық сүңгісі	- 1;

- 11) нарезкалы құлақтық сүңгі - 1;
- 12) 128 тербеліске камертон - 1;
- 13) 1024 тербеліске камертон - 1;
- 14) кәдімгі құлақтық манометр (отоманометр) - 1;
- 15) қыры майысқан құлақ пинцеті - 1;
- 16) маңдайлық рефлектор - 1;
- 17) айналардың мақта ұстау үшін тұтқасы - 2;
- 18) бүйрекке ұқсас эмальданған шлапшын - 2;
- 19) медициналық термометр - 1;
- 20) ыстық бумен кептіргіш шкаф (стерилизатор) - 1;
- 21) екі жақты тіл үшін тік қалақша - 15;
- 22) 150мл қуысты жуу үшін шприц - 1;
- 23) спиртовка - 1;

КӨЗ дәрігерінің кабинеті (окулист):

- 1) үлкен қабақ көтергіш - 2;
- 2) 1, 2, 3, конус тәрізді жас арансы үшін сүңгі
- 3) скиаскопиялық сызғыш;
- 4) көзілдірік таңдау үшін өлшем сызғышы - 1;
- 5) маңдайшалы бинокулярлы лупа - 1;
- 6) Поляк оптотиптері - 1 жиынтық;
- 7) ОФ - 3 типті офтальмоскоп - 1;
- 8) Көзілдірік пиаласы - 1 жиынтық;
- 9) 40 ваттық электр лампасымен Сивцева Головиннің  
таблицасы үшін жарықтандырғыш аппарат - 1;
- 10) офтальмологиялық шам - 1;
- 11) көз көру шамасын анықтағыш Сивцева Головиннің  
таблицасы - 1 жиынтық;
- 12) көру кемшілігін сылтауратуды зерттеу үшін Поляк  
белгілері мен бақылау таблицалары - 1 жиынтық;
- 13) бүйрекке ұқсас эмальданған шлапшын - 12;
- 14) көз эластотонометрі - 1;
- 15) көз жасы жолдарын жуу үшін екі доғалды ұшты  
10 мл шприц - 1;

Тіс дәрігері кабинеті (стоматолог):

- 1) тіс айнасы - 25;
- 2) үшкір тік тіс сүңгісі - 3;
- 3) бұрышталып майысқан тіс сүңгісі - 25;
- 4) жалпы пайдаланатын анатомиялық қысқыш - 2;
- 5) үлгісіз майысқан тіс қысқышы - 10;



## Жұмсалатын медициналық бұйымдар

1. Дәрі - дәрмектер (50 күеландырылған күн бойғы)  
ерітінділері:
  2. 0,25 пайызды - 2,0 дикаин
  3. 1: 1000 - 100,0 фурациллин
  4. 1 пайызды - 2,0 гоматропин
  5. (0,5 пайызды - 2,0 амизила немесе 2 пайызды 2,0  
платифиллин)
  6. 1: 5000 - 5,0 атропин
  7. 1 пайызды - 2,0 атропин
  8. 2 пайызды - 2,0 флюоросцеин
  9. (немесе 3 пайызды - 2,0 колларгол)
  - 10.1 пайызды пилокарпин - 2,0 немесе 0,2 пайызды  
эзерин
  - 11.1: 20000 - 2,0 армин
  - 12.1: 1000 - 100,0 риванол
  - 13.10 пайызды - 50,0 аммиак
  - 14.5 пайызды - 5,0 йод
  15. техникалық этилді спирт (гидролиздік) - 50,0
  - 16.1 пайызды - 10,0 бриллиантты жасыл түсті ерітінді

## Тексеруге үшін стандартталған ерітінділер:

1. 0,5 пайызды сірке су ерітіндісі - 5,0, шарап  
спирті - 5,0 ;
2. 40 пайызды - 5,0 - нан және 4,10 пайызды қант  
дәмді ерітінді ;
3. 2, 5, 4 ж/ә 10 пайызды - 5,0 нан ас тұзы;  
0,01,0,02 ж/е 0,03 пайызды - 5,0 - нан лимон  
қышқылы; 0, 00002, 0, 0000 пайызды - 5,0 нан  
хинин сульфаты.

## Басқадай жұмсалатын заттар:

Резинкалы қолғап, медициналық вазелин, жабысқыш пластырь, пакеттегі стерилді сулықтар, гигроскопиялық мақта.

**Ескерту:** жұмсалатын медициналық бұйымдар куәландырылатын 1750 шақырылушы есебіне бөлінсін.

### **Ш а р у а ш ы л ы қ      б ұ й ы м д а р :**

Медициналық қызметкерлер саны бойынша орта және дәрігер қызметкерлер үшін медициналық халаттар; сүлгі, қол жуу үшін щеткесі, дәрігерлік кабинет сандары бойынша сабын; қыш тәрелкелер - 4; эмальданған шлапшын, спиртовка, шымылдық, медициналық кушетка - 6; халаттар мен киімдер үшін ілгіштер, дәрі - дәрмектер мен медициналық бұйымдарды сақтау үшін шкафтар, стөлдер, орындықтар, бөлме термометрі, көрсеткіш таяқ.

*Әкімшілік хатшысы*